



ҒЫЛЫМ МЕН БІЛІМНІҢ ДАРА КӨШБАСШЫСЫ – СЫРЫЛЫБЕКҚЫЗЫ САМАЛ

Кошанова Гулаш Рахметқызы
Ш.Есенов атындағы КТИУ, «Іргелі
ғылымдар» кафедрасының
профессоры



Бүгінгі ғылым мен технологияның дамуы – ұлттың өркениеттік болмысын, рухани қуатын, экономикалық әлеуетін айқындайтын басты көрсеткіштердің бірі.

Қазақстан ғылымының өркендеуіне елеулі үлес қосып жүрген білікті мамандардың арасында философия докторы (PhD), профессор, Yessenov University президент-ректорының ғылым және коммерцияландыру жөніндегі кеңесшісі, жас ғалым бола тұра, ол ғылыми жетекшілік, жобалық менеджмент, профессорлық қызмет, халықаралық ынтымақтастық сынды жауапты міндеттердің жүгін қатар алып жүрген көрнекті ғалым Сырлыбекқызы Самал есімі айрықша аталады.

Қоршаған ортаны қорғау — жаһандық деңгейдегі ең маңызды мәселелердің бірі. Осы салада табандылықпен еңбек етіп, ғылыми жаңалықтармен үлес қосып жүрген көрнекті ғалым — Сырлыбекқызы Самал.



Ол — Қазақстандағы экологиялық ғылымның қарқынды дамуына және жас ғалымдардың жаңа буынын қалыптастыруға елеулі үлес қосып жүрген көрнекті тұлға.

Сырлыбекқызы Самал – ғылыми ойдың тереңдігі мен практикалық шешімдердің нақты нәтижесін ұштастыра білген ғалым. Ол 2008 жылы Ш.Есенов атындағы Ақтау мемлекеттік университетін «Қоршаған ортаны инженерлік қорғау» мамандығы бойынша үздік тәмамдап, ғылым жолындағы қажырлы сапарын бастаған болатын. 2011 жылы экология мамандығы бойынша магистрлік дәрежесін алып, 2015 жылы «Геоақпараттық технологияларды қолдану арқылы Каспий теңізі жағалауындағы мұнай өндірілетін аймақтың экологиялық мониторингі» тақырыбында PhD диссертациясын сәтті қорғап, PhD дәрежесіне ие болды. 2021 жылы ҚР БҒМ БҒССҚК шешімімен экология мамандығы бойынша қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағы берілді.

2015 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде «Геоақпараттық технологияларды қолдану арқылы Каспий теңізі жағалауындағы мұнай өндірілетін аймақтың экологиялық мониторингі» тақырыбындағы PhD диссертациясын сәтті қорғады.

ҚР БҒМ БҒССҚК шешімімен 6D060800 – «Экология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін иеленген Самал ханым 2021 жылы экология саласындағы қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағына лайық деп танылды.

Сырлыбекқызы Самал — ғылым мен білім саласындағы үздік жетістіктері үшін бірқатар марапаттардың иегері. Ол 2017 жылы «ЖОО үздік оқытушысы», 2022 жылы «Ғылымды дамытуға сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісімен, 2023 жылы «Талантты жас ғалымдарға арналған» мемлекеттік ғылыми стипендиямен, 2024 жылы «Ғылым үздігі» Құрмет дипломымен марапатталды. Сонымен қатар, ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің Ғылыми-техникалық кеңесі мен Маңғыстау облысы әкімдігі жанындағы ғылыми кеңестің белсенді мүшесі.

Жас ғалымдарды тәрбиелеу ісінде де Самал Сырлыбекқызы зор еңбек сіңірде. Оның жетекшілігімен 21 магистрант магистрлік диссертацияларын сәтті қорғап, 6 докторант PhD дәрежесін иеленді. Ол диссертациялық кеңестердің белсенді мүшесі бола отырып, елдегі ғылыми кадрлар даярлау ісіне тың серпін беруде.



Ғалымның ғылыми қызығушылықтары Каспий теңізінің экологиялық мониторингі, күн-жылу тұщыландыру жүйелері, ақаба суларды тазарту, қатты тұрмыстық қалдықтарды жою сынды еліміз үшін өзекті бағыттарды қамтиды. Ол – 170-тен астам ғылыми мақаланың, 4 патенттің, 25 шығармашылық еңбектің (оның ішінде 17 оқу құралы мен 8 монографияның, соның ішінде біреуі ағылшын тілінде) авторы. Scopus және Web of Science деректер базасындағы мақалалар саны – 48, Хирш индексі – 7.

Сырлыбекқызы Самал Қазақстанның ғана емес, шетелдік ғылыми қауымдастықпен де тығыз қарым-қатынаста жұмыс істеуде. Ол Түркия, Англия, Ресей, Өзбекстан елдерінде ғылыми тағылымдамадан өткен, халықаралық жобалар мен экспедицияларға қатысқан. QS World University Rankings тізіміндегі жоғары оқу орындарында зерттеу жүргізіп, заманауи экологиялық технологияларды меңгерген.

Ол еліміздегі бірқатар іргелі ғылыми жобалардың жетекшісі және орындаушысы ретінде де танымал. 2024-2026 жылдары аралығында бірнеше ірі ғылыми жобаның ғылыми жетекшісі. Оның ішінде ЖТН BR24992964 «Каспий теңізінің қазақстандық секторындағы теңіз операцияларының экологиялық тұрақтылығы мен тиімділігін дамыту үшін интеграцияланған энергия үнемдеу технологияларын әзірлеу» мегажобасы ерекше маңызға ие. Сонымен қатар, теңіз ағындарының режимін зерттеу, күн-жылу тұщыландыру қондырғыларын әзірлеу, спутниктік мониторинг жүргізу, биоалуантүрлілікті сақтау, тыңайтқыш өндіру технологиясын жетілдіру сияқты бағыттарда да белсенді ғылыми жұмыстар атқаруда.

Оның ғылыми-өндірістік жұмыстарының нәтижелері – нақты шешім қабылдауға негізделген, практикалық маңызы зор зерттеулер.

Мәселен, Каспийдің жағалау бөлігіндегі мұнаймен ластанған топырақты биоремедиациялау, күн энергиясымен тұщыландыру технологияларын өңдеу, ағынды суларды тазарту әдістері – қазіргі заманның экологиялық талаптарына толық жауап береді.

Республикалық және халықаралық ғылыми кеңестердің мүшесі, Scopus базасындағы «Ecologica Montenegrina» журналдарының рецензенті, «Yessenov Science» ғылыми журналының редакциялық алқасының мүшесі ретінде де ғылымның биік белестерінде еңбек етіп келеді.

Ғылыми жетекші ретінде 6 PhD докторант пен 21 магистрантты сәтті дайындаған. Университет жанындағы диссертациялық кеңестің ғылыми хатшысы, бірқатар ғылыми журналдардың рецензенті және редакциялық алқа



мүшесі. Оның басшылығымен жүзеге асырылып жатқан зерттеулер шалғай елді мекендерді ауыз сумен қамту, Каспий өңірінің экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, Қазақстанның агроөнеркәсіп кешенін минералды тыңайтқыштармен қамту және «жасыл даму» мақсаттарына қызмет етуде.

Профессор Сырлыбекқызы Самал — ғылым мен тәжірибені үйлестіре отырып, Қазақстан экологиясының өзекті мәселелерін шешуге бағытталған заманауи шешімдердің бастамашысы. ҚР ҒЖБМ мен халықаралық ұйымдардың бірнеше ірі жобаларын басқарып, еліміздің ғылыми-инновациялық дамуына серпін беріп жүрген, өзінің кәсіби шеберлігімен, көшбасшылық қабілетімен, биік адамгершілік болмысымен, ел игілігі үшін еңбек ететін табанды ғылым өкілі ретінде, еліміздің ғылыми-инновациялық келбетін айқындап отыр.

Оның өмірлік ұстанымы:

«Ғылымның мақсаты — тек білім жинау емес, оны ел игілігіне жарату. Мен үшін экология — өмір салты, ал ғылым — болашаққа салынған көпір».

Бүгінгі таңда Самал Сырлыбекқызы – ғылым мен білім саласындағы жаңашыл, ізденімпаз, жоғары зияткерлік әлеуетке ие, ұлттық ғылымға берілген ірі тұлғалардың бірі, еліміздегі жас ғылыми элитаның жарқын өкілі.

Оның жетекшілігімен жүзеге асып жатқан жобалар тек ғылыми емес, әлеуметтік, экологиялық, өндірістік мәнге де ие. Бұл – нағыз ғалымға тән ұстаным.

Қазақстан ғылымының болашағына нық сеніммен қарап, экология мен қоршаған ортаны қорғау саласында үздіксіз ізденіп келе жатқан ғалым – білім мен ғылымның шын мәніндегі көшбасшысы. Ол – экология ғылымының заманауи бағыттарын дамытып келе жатқан белді ғалым,

Киім киісінен-ақ эстетика мен талғампаздықты қатар алып жүрген Самал ханымның сырт келбеті де ішкі мәдениетімен үйлесіп тұрады. Көпшілік алдында өзін сенімді ұстайтын, салмақты, сабырлы, парасатты тұлға.

Сырлыбекқызы Самал – заманауи ұстазға тән кәсібилігі мен адами болмысы қатар өрілген, жастардың бойына біліммен қатар рухани-адамгершілік құндылықтарды сіңіруді басты мақсат еткен үлгі боларлық тұлға. Оның өмір жолы мен еңбегі болашақ ұрпаққа шабыт береді, ғылым мен білімге деген шынайы сүйіспеншілікті оятады.

Профессор, философия докторы (PhD) Сырлыбекқызы Самалға ғылым мен білім саласындағы қажырлы еңбегі, жас ғалымдарды тәрбиелеудегі



өлшеусіз үлесі, экологиялық мәселелерді шешудегі жаңашыл бастамалары үшін шынайы алғысымызды білдіреміз.

Сіз – терең білім мен биік парасатты, кәсіби біліктілік пен көшбасшылық қасиетті бойына тоғыстырған, ғылымға шынайы берілген тұлғасыз. Еңбегіңіз — тек ғылыми орта үшін ғана емес, жалпы қоғам үшін де үлкен маңызға ие. Жастарға бағыт-бағдар көрсетіп, оларға ғылым мен адамгершіліктің үлгісін танытып келе жатқаныңыз – болашаққа салынған берік негіз.

Сізге зор денсаулық, шығармашылық табыс, тың ғылыми жаңалықтар мен жаңа биіктер тілейміз. Еңбегіңіздің жемісі ел игілігіне қызмет ете берсін!

